

8D10141 «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған **«Қазіргі кезеңдегі жүйелі васкулиттер: клиникалық-зертханалық сипаттама және науқастарды жүргізу стратегиясын оңтайландыру»** тақырыбындағы докторант **Ауанасова Акерке Туребековнаның** диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың өзектілігі

Бұл диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігі денсаулық сақтау саласындағы ағымдағы өзекті мәселелерді көрсететін бірнеше факторлармен байланысты. Біріншілік жүйелі васкулиттердің (ЖВ) бүкіл әлем бойынша миллион адамға шаққандағы кездесу жиілігі 100-ден астам жағдайды құрайды (Watts et al., 2008), дегенмен ауру таралу көрсеткіштері ЖВ түріне, географиялық локализацияға байланысты өзгеріп отырады (Dreyer et al., 2011; Gudbrandsson et al., 2017; Romero-Gómez et al., 2015; Watts et al., 2009; Watts et al., 2000; Sacri et al., 2015). ЖВ диагностика мен емдеу тұрғысынан қарастырғанда бірқатар қиындықтар тудыратын мәселе болып саналады. ЖВ диагностикасы аурудың сирек кездесуі мен клиникалық көріністерінің күрделілігіне (мультиағзалық зақымдану) байланысты қиын міндет болып табылады, бұл, өз кезегінде, емнің уақытылы басталмауы салдарынан болатын мақсатты нысана- ағзалардың зақымдалуына, мүгедектікке, өлімге және қосымша зерттеулерге қаржылық шығындардың өсуіне алып келуі мүмкін (Prior et al., 2017, Taimen et al., 2021).

Дүние жүзі бойынша жүргізілген зерттеулерде ЖВ диагнозына байланысты мүгедектік деңгейі шамамен 20-30% құрайды (Mau et al., 2005; Reinhold-Keller et al., 2002). Соңғы жылдардағы зерттеулер көрсеткендей, мүгедектік әлі де ЖВ ауыратын науқастардың 20-40%-на зақым келтіреді (Barra et al., 2016; Basu et al., 2014; Venarous et al., 2017). ЖВ диагнозы салдарынан ерте зейнетке шығудың немесе мүгедектіктің қаржылық салдарын зерттеген зерттеулерге сүйенсек, науқастардың 5-26%-да табыс көрсеткіші айтарлықтай төмендеген (Venarous et al., 2017; Abdou et al., 2002).

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты

Клиникалық-зертханалық деректерді ескере отырып, қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында жүйелі васкулит науқастарын анықтау және жүргізу тактикасын оңтайландыру.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. SARS-CoV-2 инфекциясы мен екпеден (вакцинациядан) кейін алғаш рет пайда болған жүйелі васкулиттерді талдау;

2. Жүйелі васкулит диагностикасының кешігуіне алып келетін факторларды бағалау;
3. Жүйелі васкулиттер бойынша 2019, 2020, 2021 жылдардағы ЖВ науқастарының демографиялық, клиникалық-анамнестикалық ерекшеліктерін зерттеу;
4. ҚР және шет елдердің денсаулық сақтау мамандарының ЖВ қатысты білімі мен түсініктерін бағалау;
5. Жүйелі васкулиттерді жүргізу стратегиясын оңтайландыру үшін ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістері

1. Аналитикалық зерттеу (SARS-CoV-2 инфекциясы мен екпеден (вакцинациядан) кейін алғаш рет пайда болған ЖВ талдау; ЖВ диагностикасының кешігу себептерін, салдарын және нәтижесін талдау);
2. Ретроспективті зерттеу (162 науқастың ауру тарихының деректерін талдау);
3. Бірмезетті көлденең зерттеу (cross-sectional study) (сауалнама құрастыру, диссеминациялау және интерпретация жасау).

Статистикалық деректерді өңдеу IBM SPSS Statistics статистикалық пакетінің 20 нұсқасының қолданбалы бағдарламалары көмегімен жүзеге асырылды.

Зерттеу нысаны

Науқастардағы дәлелденген жүйелі васкулиттер. Зерттеуге енгізу критерийлері: 18 жастан асқан жүйелі васкулит анықталған науқастар. Зерттеуге енгізбеу критерийлері: 18 жасқа толмаған, жүктілігі, онкологиялық аурулары, неврологиялық аурулары, психикалық бұзылулары, психотроптық препараттармен улану белгілері және алкогольизмі бар науқастар.

Зерттеу пәні

Диссертациялық зерттеу жұмысының пәні ЖВ ауыратын науқастардың демографиялық және клиникалық-анамнестикалық ерекшеліктері, ЖВ диагностикасының кешігуіне әкелетін факторлар, сондай-ақ денсаулық сақтау мамандарының ЖВ қатысты білімі мен түсінігі болып табылады.

Қорғауға шығарылатын ережелер

1. Зерттелген популяцияда ЖВ көбінесе репродуктивті жастағы әйелдерде кездеседі. Такаюсу ауруы және IgA-васкулиті жиі кездесетін ЖВ түрлеріне жатады. ЖВ науқастарында тірек-қимыл аппараты, асқазан-ішек жолдары (АІЖ), тері, перифериялық тамырлар және жүрек-қантамыр жүйелері (ЖҚЖ) ең жиі зақымданады.
2. Зерттеу емдеуші дәрігерлердің ANCA-мен байланысты васкулиттерді (AAV) диагностикалауда және осы топ науқастарын жүргізуде гетерогенділікті анықтады. COVID-19 кезінде AAV диагностикасы мен еміне қатысты консенсус жоқ. Дегенмен, барлық респонденттер медициналық білім беру

барысында AAV бойынша білім деңгейін арттыру қажеттілігі туралы бірыңғай мәлімдеме жасады.

ПТР сынаамасы нәтижелеріне байланысты COVID-19 кезінде және COVID-19-ға қарсы екпеден кейін ЖВ науқастарын жүргізу бойынша ұсыныстар әзірленді.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нәтижелері мақалалар түрінде ұсынылған (7 мақала)

- 1. SARS-CoV-2 as a trigger of IgA vasculitis: a clinical case and literature review («Rheumatology International», Германия; Q2- Journal Citation Reports (Clarivate Analytics); автор- корреспондент, бірінші автор).**
- 2. New-onset systemic vasculitis following SARS-CoV-2 infection and vaccination: the trigger, phenotype, and outcome; review article («Clinical Rheumatology», Ұлыбритания; Q3- Journal Citation Reports (Clarivate Analytics).** SARS-CoV-2 екпелерімен (вакцина) қатар COVID-19 екпелері де фенотипі бойынша біріншілік васкулиттерге ұқсас жүйелі васкулит тудыруы мүмкін. IgA васкулиті- бұл COVID-19 жұқтырғаннан кейін немесе екпеден кейін хабарланған васкулиттің ең көп таралған түрі. Вируспен индукцияланған васкулит, иммуносупрессиямен немесе иммуносупрессиясыз жүйелі кортикостероидтарға қолайлы жауап беру кезінде de novo жүйелі васкулиттеріне қарағанда жақсы болжамға ие. Стероидтер емдеуде орталық рөл атқарады және хабарланған жағдайлардың көпшілігінде преднизолонды тәулігіне 0,8-ден 1 мг/кг-ға дейін қабылдағанда оң әсер анықталған. Метилпреднизолонмен пульс- терапияға, қосымша цитотоксикалық және иммуносупрессивті терапияға деген қажеттілік негізгі мүшелердің зақымдалуына және аурудың даму жылдамдығына байланысты жеке анықталуы керек. В- жасушаларын бұзатын терапияны қабылдайтын емделушілерде, негізінен бұрыннан AAV бар емделушілерде екпеге иммуногендік жауап төмендейді, сондықтан олар ауыр COVID-19 фенотипінің дамуына сезімтал болуы мүмкін.
- 3. Diagnostic delays in systemic vasculitis: The causes, implications and outcome («Rheumatology International», Германия; Q2 по данным Journal Citation Reports (Clarivate Analytics); первый автор).** Салыстырмалы түрде төмен сырқаттану және жалпы тәжірибелі дәрігерлердің жеткіліксіз хабардар болуы клиникалық көріністердің гетерогенділігімен бірге жүйелі васкулит диагностикасының кешігуін көрсетеді. Тақаясу ауруы мен гранулематозбен полиангиит (GPA) диагнозының дебютінен бастап нақты диагноз қойғанға дейінгі уақыт сәйкесінше 4,9 (ай) және 4,16 (ай) құрайды, айырмашылық сенімсіз. IgA-васкулит диагнозын қою Тақаясу ауруымен салыстырғанда 11,3% - ға көп уақытты алады. Бехчет ауруын диагностикалау ең қиын және көп уақытты қажет етеді және Тақаясу ауруымен салыстырғанда диагноз қоюға 53%-ға көп уақыт кетеді. Терапевттердің хабардарлығын арттыру және мамандандырылған ревматологиялық көмекке тең және уақтылы қол жеткізу жедел, түпкілікті емдеудің басталуын қамтамасыз етуі мүмкін, бұл ұзақ мерзімді нәтижелерді жақсарта отырып, зиянды азайтуға және өмір сапасын жақсартуға әкеледі. Васкулитті ерте анықтау және ультрадыбыстық зерттеу

сияқты зерттеу ресурстарына жедел қол жеткізе отырып, дәрігерге барудың тиімді жүйелерін енгізу туралы жалпы халықтың да, тәжірибедегі дәрігерлердің де хабардарлығын арттыру маңызды. Бұл мақсатқа жету үшін барлық мүдделі тараптардың, соның ішінде жеке ревматологтардың, әртүрлі медициналық қоғамдардың, сондай-ақ саясаткерлердің белсенді қатысуы мен келісімі қажет.

4. The impact of the COVID-19 pandemic on patients with systemic vasculitis: a single-centre retrospective study («Rheumatology International», Германия; Q2 - Journal Citation Reports (Clarivate Analytics); бірінші автор, автор-корреспондент)

Облыстық клиникалық аурухана базасында 2019 жылғы қаңтар мен 2021 жылғы желтоқсан аралығында жүйелі васкулиттермен ауруханаға жатқызылған 82 науқастың ауру тарихына бір орталықты ретроспективті зерттеу жүргізілді. Келесі сапалық (жыныс, мүгедектік, қатар жүретін аурулар) және сандық (жас, ауру ұзақтығы, зертханалық деректер және т.б.) айнымалылар зерттелді. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, зерттелген популяцияда облыстық клиникалық аурухананың ревматология бөліміне васкулитпен ауруханаға жатқызылған науқастар санының төмендеуі байқалады. 2019 жылмен салыстырғанда 2021 жылы ауруханаға жатқызылған науқастардың саны екі есеге жуық қысқарған. 82 жағдайдың ішінде ең көп тарағандары Такаясу ауруы (спецификалық емес қолқа артерииті) (43,9%), IgA-васкулит (Шенлейн-Генох ауруы) (31,71%) болды және бұл көбіне ауруханаға коморбидті жағдайда түскен ауылда тұратын әйел науқастарға тән ($p < 0,001$). Науқастардың 41,6% - мүгедектік анықталды, көпшілігінде II мүгедектік тобы бар.

Дене салмағының орташа индексі 24,2; 27 науқас семіздікке шалдыққан. Жүйелі васкулитпен ауыратын науқастарда жиі кездесетін клиникалық белгілер тірек-қимыл аппаратының зақымдануы болды (75,6%). ESR (ЭТЖ) мен гемоглобин деңгейінің көрсеткіштері арасында орташа теріс корреляция анықталды, корреляция коэффициенті -0,535 болды. Науқастарда қант диабеті, темір тапшылығы анемиясы, жүректің ишемиялық ауруы, гипертония, асқазан-ішек жолдарының аурулары және гепатит сияқты коморбидті аурулар анықталды. Науқастар арасында анықталған мүгедектіктің жоғары деңгейі екі негізгі фактормен түсіндірілуі мүмкін: біріншіден, науқастардың дәрігерлерге уақытылы қаралмауы, екіншіден, медициналық қауымдастық аутоиммунды ревматологиялық ауруларды, атап айтқанда жүйелі васкулиттерді емдеу туралы жеткілікті хабардар емес, бұл әсіресе уақытылы диагноз қою мен емдеуді қиындатады. Науқастарда негізінен тірек-қимыл аппаратының зақымдануы анықталды, алайда васкулит түріне байланысты басқа мүшелер мен жүйелерге де әсер етуі мүмкін.

5. Clinical and anamnestic features of patients with systemic vasculitis: a single-centre retrospective study («Rheumatology International», Германия; Q2 - Journal Citation Reports (Clarivate Analytics); бірінші автор, автор-корреспондент) Қалалық ревматологиялық орталықта 18 жастан асқан 80 науқастың медициналық жазбаларына бір орталықты ретроспективті зерттеу жүргізілді. 2019 жылдың қаңтар айы мен 2021 жылдың желтоқсан айы аралығында диагноз қойылған жүйелі васкулиттері бар 24 ер адамның (30%)

және 56 әйелдің (70%) медициналық жазбалары талданды. 2019-2021 жылдары тіркелген 80 науқастың ішінде ең көп тарағандары IgA- васкулит (n=32, 40%), Такаясу артерииті (n=17, 21,25%) және полиангиит гранулематозы (n=12, 15%) бар науқастар болды. Бехчет ауруы сирек кездесті (n=9, 11,25%). Жүйелі васкулитпен ауыратын науқастардың 19-да семіздік алды кезеңі, I дәрежелі семіздік (n=13) және II дәрежелі семіздік (n=2) болды. Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы 52 науқаста анықталды (65%). Асқазан-ішек жолдарының, тері және жүрек-қантамыр жүйесінің бұзылыстары сәйкесінше 45 (56.3%), 37 (46.3%), және 39 (48.8%) науқаста анықталды. Тек 8 науқаста ғана (10%) жүйке жүйесінің зақымдануы болды. Науқастардың көпшілігінде жоғарылаған С-реактивті ақуыз деңгейі (n=29, 36.3%) және лейкоцитоз (33 адам, 41.3%) анықталды. Васкулитпен ауыратын науқастардың үштен бірінде түсік түсіру тарихы болған.

6. **«Physicians' perceptions about antineutrophil cytoplasmic antibody-associated vasculitis: an online survey report in the time of the COVID-19 pandemic» («Clinical Rheumatology», Ұлыбритания; Q3 - Journal Citation Reports (Clarivate Analytics); бірінші автор)** Тиісті халықаралық тәжірибелік нұсқаулықтар, ұсыныстар және AAV бойынша алдыңғы онлайн сауалнамалар негізінде 28 сұрақтан тұратын онлайн сауалнама жүргізілді. Сипаттамалық статистика арқылы тек толтырылған сауалнамалар талданды. Барлығы 21 елден 113 респондент жауап берді, олардың арасында ревматологтар (63.7%), терапевттер (12.4%) және жалпы тәжірибелі дәрігерлер (7.08%) жиі кездеседі. Елдердің алғашқы бестігіне Түркия (24), Қазақстан (22), Үндістан (10), Украина (8) және Хорватия (8) кірді. Олардың қырық бесі (40%) AAV науқастарын емдеуге мамандандырылған клиникаларда жұмыс істеді. Олар AAV зақымдайтын ағзалар; инфекциялардан, дәрі-дәрмектерден немесе басқа ревматологиялық аурулардан кейін дамидың васкулитер; AAV диагностикасы үшін жүргізілетін әртүрлі сынақтар; және индукция мен сүйемелдеуші терапияны таңдау бойынша ақпараттар берді. Респонденттер AAV науқастарындағы COVID-19 емдеу тәжірибесі, сондай-ақ COVID-19-дың васкулиттік көріністері туралы айтты. AAV кезінде жүрек-қан тамырлары қаупін азайтудың әртүрлі әдістері талқыланды. Респонденттер AAV туралы хабардарлық пен білімді арттыру үшін медициналық білімді қалай күшейту керектігін мәлімдеді. Бұл сауалнама әртүрлі елдердегі AAV жүргізудегі айырмашылықтар, соның ішінде ағымдағы тәжірибе және ауруды басқарудағы соңғы өзгерістер туралы ақпарат алуға көмектесті. Ол сондай-ақ AAV бар науқастарда COVID-19 емдеу туралы ақпаратты ұсынды. Бұл зерттеу Жалпы анықтамалар туралы әлі де түсінік жоқ екенін және нұсқаулар (рекомендациялар) мен қазіргі тәжірибелер арасында алшақтық бар екенін көрсетті.
7. **Зерттеудің бесінші міндеті «COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде және COVID-19 (SARS-CoV-2) екпесінен кейін жүйелі васкулиттерді басқару бойынша ұсыныстар»** тақырыбында ұсыныстарды әзірлеу арқылы орындалды. Ұсыныстар ҚР клиникалық хаттамалары, EULAR (European League Against Rheumatism), ACR (American College of Rheumatology) нұсқаулары, сондай-ақ

соңғы жылдардағы әдеби деректер мен жеке зерттеу нәтижелері негізінде жасалды. Әдістемелік ұсыныстар аутоиммунды ревматологиялық аурулары бар науқастарға медициналық көмек көрсететін медицина қызметкерлеріне, сондай-ақ медициналық жоғары оқу орындарының студенттері мен резиденттеріне нұсқаулық ретінде әзірленді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы

1. Қазақстан Республикасында 2019-2021 жж. аралығында жынысына, жасына, әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларына байланысты қазіргі жағдайда ересек тұрғындар арасында жиі кездесетін ЖВ түрлері мен ерекшеліктері зерттелді;
2. COVID-19 (SARS-CoV-2) кезіндегі және COVID-19 (SARS-CoV-2) екпесінен кейінгі ЖВ жүргізу бойынша ұсыныстар әзірленді;
3. ҚР және шет елдердің денсаулық сақтау мамандары арасында алғаш рет ЖВ (AAV) бойынша сауалнама жүргізілді, ЖВ қатысты дәрігерлердің білімі мен түсініктері бағаланды.

Нәтижелердің тәжірибелік мәні

Осы диссертациялық жұмыстың теориялық ережелері мен тәжірибелік нәтижелері, атап айтқанда, «COVID-19 кезіндегі және COVID-19 екпесінен кейінгі жүйелі васкулиттерді басқару бойынша ұсыныстар» Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының «Терапия және кардиология» кафедрасы базаларының оқу процесінде (Енгізу актісі, 2023 ж.) және ғылыми-зерттеу жұмысында пайдалануға берілді, сондай-ақ Шымкент қаласының «Алинур и К» (Енгізу актісі, 2024 ж.) және «Студенттік емхана» (Енгізу актісі, 2024 ж.) емханаларының тәжірибелік және клиникалық қызметіне енгізілді.

Сонымен бірге, диссертациялық жұмыстың нәтижесінде екі авторлық куәлік алынған: «Дәрігерлердің COVID-19 кезіндегі антинейтрофильді цитоплазмалық антиденелермен байланысты васкулиттерді (ANCA) (AAV) емдеу туралы түсінігін бағалауға арналған сауалнама», 2023 жылғы «21» шілде № 38061 және «COVID-19 кезіндегі және COVID-19 екпесінен кейінгі жүйелі васкулиттерді басқару бойынша ұсыныстар», 2023 жылғы «21» қыркүйек № 39155.

Дәрігерлердің COVID-19 кезіндегі антинейтрофильді цитоплазмалық антиденелермен байланысты васкулиттерді (ANCA) (AAV) емдеу туралы түсінігін бағалауға арналған сауалнаманы басқа да ревматологиялық ауруларды зерттеу кезінде қолдануға болады.

Scopus дерекқорына сәйкес, осы зерттеудің нәтижелері бар ғылыми мақалалар халықаралық деңгейдегі 20-дан аса аса ғылыми жұмыста дәйексөз ретінде пайдаланылған.

Докторанттың жеке үлесі

Диссертациялық жұмыстың авторы Scopus, WoS, PubMed/MEDLINE, LitCovid базаларынан жүйелі васкулиттер мәселелері туралы заманауи мәліметтер жинап, әдеби шолу жасады. Анықталған мәселенің негізінде ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеттері құрастырылды, зерттеу дизайны таңдалып, зерттеу нысаны анықталды. Автор барлық жоспарланған міндеттерді, соның ішінде зерттеулерді ұйымдастыруды және бастапқы деректерді жинауды және талдауды жеке өзі орындады, сонымен қатар тиісті қорытындылар шығарды. Диссертациялық жұмыстың авторы медицина қызметкерлеріне арналған халықаралық онлайн-сауалнаманы құруға және таратуға қатысты. Басқа авторлармен бірлесе отырып, диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша бірқатар мақалалар жазды және жариялады.

Қорытындылар

1. Әдебиеттерді талдау көрсеткендей, COVID-19 (SARS-CoV-2) инфекциясы және COVID-19 (SARS-CoV-2) епелері біріншілік васкулиттердің фенотиптеріне ұқсас ЖВ тудыруы мүмкін. IgA васкулиті және тері лейкокластикалық васкулиті- COVID-19 (SARS-CoV-2) инфекциясынан немесе екпеден кейін хабарланған васкулиттің ең көп таралған түрі, болжамы de novo васкулитімен салыстырғанда жақсырақ. Стероидтер емдеуде орталық рөл атқарады және хабарланған жағдайлардың көпшілігінде преднизолонның тәулігіне 0,8-ден 1 мг/кг-ға дейін дозасының оң әсері байқалған. COVID-19 (SARS-CoV-2) –дан кейін дамыған васкулит барлық калибрдегі қан тамырларды зақымдауына байланысты оны Чапел Хилл Консенсусындағы васкулиттің «арнайы (спецификалық) вируспен байланысты васкулит» санатына жатқызу туралы ұсыныс жасалды.
2. Жүйелі васкулиттер диагностикасының кешігуіне алып келетін факторларды бағалау барысында жүйелі васкулиттердің салыстырмалы түрде төмен деңгейі және жалпы тәжірибелі дәрігерлердің жеткіліксіз ақпараттандырылуы, ЖВ клиникалық белгілерінің біркелкі болмауы диагностиканың кешігуін болжайды деген тұжырым жасалды. Тақаясу ауруы мен GPA басталғаннан бастап нақты диагноз қойылғанға дейінгі уақыт 4,9 (ай) және 4,16-ды (ай) құрайды (сәйкесінше), айырмашылық сенімсіз. IgA-васкулит диагнозын нақты қою Тақаясу ауруымен салыстырғанда 11,3%-ға көбірек уақытты алады. Бехчет ауруын диагностикалау қиын әрі уақытты талап етеді және Тақаясу ауруымен салыстырғанда диагноз қоюға 53% көп уақыт кетеді.
3. 2019, 2020, 2021 жылдары ЖВ науқастарының демографиялық, клиникалық-анамнестикалық ерекшеліктерін ретроспективті зерттеу зерттелген популяцияда СВ репродуктивті жастағы әйелдерде жиі кездесетінін көрсетті. Тақаясу ауруы (спецификалық емес қолқа артериті) (43,9%), IgA-васкулит (Шенлейн-Геноха ауруы) (31,71%) жиі кездеседі.
4. Науқастарда қант диабеті, темір тапшылықты анемия, жүректің ишемиялық ауруы, гипертония және асқазан-ішек жолдарының аурулары сияқты қосалқы

аурулары болған. Зерттелген топтарда науқастардың 27,1% - да мүгедектігі бар, көпшілігінде ІІ топ мүгедектігі анықталды. 162 пациенттің 37,6% - ы семіздікке шалдыққан. ЖВ науқастарында жиі зақымданатын ағзалар болып тірек-қимыл аппараты (75,6%), АІЖ (57,3%), тері (48,8%), перифериялық тамырлар (37,8%) және ЖҚЖ (31,7%) табылды.

5. Бірмезетті көлденең талдау (cross-sectional study) (онлайн-сауалнама) нәтижесінде денсаулық сақтау мамандары арасында ААV-ге қатысты диагностика мен емдеуде гетерогенділік анықталды. COVID-19 кезінде науқастарды жүргізуге қатысты консенсус жоқ екендігі анықталды. Алайда респонденттер медициналық білім беру барысында ААV бойынша хабардар болу деңгейін арттыру қажеттілігі туралы бірыңғай қорытындыға келді.
6. «COVID-19 (SARS-CoV-2) кезінде және COVID-19 (SARS-CoV-2) вакцинациясынан кейін жүйелі васкулиттерді жүргізу бойынша ұсыныстар» әзірленді. Ұсыныстар ҚР клиникалық хаттамалары, EULAR (European League Against Rheumatism), ACR (American College of Rheumatology) ұсыныстары, сондай-ақ соңғы жылдардағы әдеби деректер мен жекелеген зерттеулер нәтижелері негізінде құрастырылды. Әдістемелік ұсыныстар аутоиммунды ревматологиялық аурулары бар науқастарға медициналық көмек көрсететін медицина қызметкерлеріне, сондай-ақ медициналық ЖОО студенттері мен резиденттеріне нұсқаулық ретінде әзірленді.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау

Ғылыми зерттеудің нәтижелері бар материалдар мынадай конференцияларда ұсынылды:

1. «Қазіргі заманғы медицина және фармацевтика: жаңа тәсілдер мен өзекті зерттеулер» медицина студенттері мен жас ғалымдардың 75-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, **Өзбекстан Республикасы, Самарқанд қаласы**, 2021 ж. 18 мамыр;
2. «Орта Азиядағы COVID-19 және басқа да өзекті инфекциялар» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, **Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.**, 2022 ж;
3. Академик М.А. Әлиевтің 90 жылдығына және Қазақстан-Ресей медициналық университетінің 30 жылдығына арналған «Ертеңгі күн медицинасы: академик М.А. Әлиевтің ғылыми мұрасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция, **Қазақстан Республикасы, Алматы қ.**, 2023 ж;
4. Conference «Polish-Kazakh meetings - The relationship between chemistry and biology», **Poland**, 2023 y. 27 June;
5. XVI International Scientific and Practical Conference «Ecology. Radiation. Health» named after B.A. Atchabarov dedicated to the 70th anniversary of Semey Medical University, **Kazakhstan, Semey**, 2023 y. 28-29 August;
6. I халықаралық жас ғалымдар мен студенттер форумы, **Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.**, 2023 ж. 6-8 желтоқсан, **I дәрежелі диплом**;
7. The 68th Annual General Assembly and Scientific Meeting of the Japan College of Rheumatology, **Japan, Kobe**, 2024 y. 18-20 April, **Travel Award Winner**;

8. Midterm Symposium APLAR-2024 (Mid-term Symposium APLAR-2024) and 7th Congress of Rheumatologists of Kazakhstan, **Kazakhstan, Almaty** 2024 y. 25-27 April.

Докторант 68-ші жыл сайынғы **Жапон ревматология колледжінің** Бас Ассамблеясының ұйымдастыру комитетінің және ғылыми кездесуінің (**JCR 2024**) «**TRAVEL SUPPORT GRANT**»-ын жеңіп алды және спикер ретінде шақырылды (Жапония, Кобе қ.).

Жарияланымдар

1. New-onset systemic vasculitis following SARS-CoV-2 infection and vaccination: the trigger, phenotype, and outcome («Clinical Rheumatology», Ұлыбритания; Q3 - Journal Citation Reports (Clarivate Analytics));
2. SARS-COV-2 as a trigger of IgA vasculitis: a clinical case and literature review («Rheumatology International», Германия; Q2 - Journal Citation Reports (Clarivate Analytics)); бірінші автор);
3. Diagnostic delays in systemic vasculitis: The causes, implications and outcome («Rheumatology International», Германия; Q2 - Journal Citation Reports (Clarivate Analytics)); бірінші автор);
4. The impact of the COVID-19 pandemic on patients with systemic vasculitis: a single-centre retrospective study («Rheumatology International», Германия; Q2 - Journal Citation Reports (Clarivate Analytics)); бірінші автор, автор-корреспондент);
5. Clinical and anamnestic features of patients with systemic vasculitis: a single-centre retrospective study («Rheumatology International», Германия; Q2 - Journal Citation Reports (Clarivate Analytics)); бірінші автор, автор-корреспондент);
6. Physicians' perceptions about antineutrophil cytoplasmic antibody-associated vasculitis: an online survey report in the time of the COVID-19 pandemic» («Clinical Rheumatology», Ұлыбритания; Q3 - Journal Citation Reports (Clarivate Analytics)); бірінші автор);
7. Systemic vasculitis in Kazakhstan: a complex research approach («Central Asian Journal of Medical Hypotheses and Ethics» (CAJME), Қазақстан; ҚР БҒМ БҒССҚК; бірінші автор, автор-корреспондент).

Халықаралық конференциялар материалдарындағы ғылыми еңбектердің тізімі

1. Распространенность системных васкулитов в Туркестанской области. «Современная медицина и фармацевтика: новые подходы и актуальные исследования» (Өзбекстан, Самарқанд)
2. COVID-19 қарсы екпемен шақырылған васкулиттер. «Орта Азиядағы COVID-19 және басқа да өзекті инфекциялар» (Қазақстан, Шымкент)
3. Жүйелі васкулиттер туралы дәрігерлердің хабардарлығы. «Семей медицина университеті» КеАҚ 70-жылдығына арналған Б.А.Атчабаров атындағы «Экология. Радиация. Денсаулық» (Қазақстан, Шымкент)
4. The frequency of joint damage in systemic vasculitis. «Medicine of tomorrow: the scientific heritage of academician M.A. Aliyev» (Қазақстан, Алматы)

5. Gastrointestinal involvement in systemic vasculitis: a retrospective study. International Conference 9th Polish-Kazakh Meeting: Relationship Between Chemistry and Biology (Poland)
6. Жүйелі васкулитпен ауыратын науқастардың клиникалық-анамнестикалық ерекшеліктері. «Биология, медицина және фармацияның даму перспективалары» (Қазақстан, Шымкент)
7. Systemic vasculitis and organ damage: a single-centre Retrospective Study. «Mid-term Symposium APLAR-2024 and 7th Congress of Rheumatologists of Kazakhstan» (Kazakhstan, Almaty)
8. The organ and system damage in systemic vasculitis: a single-centre retrospective study. «The 68th Annual Scientific Meeting of the Japan College of Rheumatology» (Japan, Kobe)

Зияткерлік меншік (патенттер, авторлық құқықтар, өнертабыстар және т. б.)

1. COVID-19 кезіндегі және COVID-19 екпесінен кейінгі жүйелі васкулиттерді басқару бойынша ұсыныстар. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік (авторлық куәлік) 2023 жылғы «21» қыркүйек №39155
2. Дәрігерлердің COVID-19 кезінде антинейтрофилді цитоплазмалық антиденелермен байланысты васкулиттерді (ANCA) (AAV) басқару бойынша түсініктерін бағалауға арналған сауалнама. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік (авторлық куәлік) 2023 жылғы «21» шілде №38061

Көлемі мен құрылымы

Зерттеу нәтижелері бірқатар мақалалар түрінде ұсынылған (7 мақала). Жарияланған мақалаларға сәйкес әдебиет көлемі 329 дереккөзді құрайды.